

"Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 710 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі № 290 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 710 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық маңызы бар қалалар мен аудан орталықтарына арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеуде қолданылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі, сондай-ақ олардың қолжетімділігі мен көліктік, мәдени-бос уақыт өткізетін, спорттық, инженерлік, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері:

мынадай мазмұндағы "13. Агробизнес инфрақұрылымы" деген бөліммен толықтырылсын:

"

13.	Агробизнес инфрақұрылымы	
13.1	Мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
13.2	Етті қайта өңдейтін мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
13.3	Шағын өнеркәсіптік аймақтар*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
13.4	Сервистік-дайындау орталықтары *	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *

";

көрсетілген қаулымен бекітілген ауылдық округтердің орталықтары мен тірек ауылдық елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеуде қолданылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі, сондай-ақ олардың қолжетімділігі мен көліктік, мәдени-бос уақыт өткізетін, спорттық, инженерлік, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері:

мынадай мазмұндағы "12. Агробизнес инфрақұрылымы" деген бөліммен толықтырылсын:

"

12.	Агробизнес инфрақұрылымы	
-----	--------------------------	--

12.1	Мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
12.2	Етті қайта өңдейтін мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
12.3	Шағын өнеркәсіптік аймақтар*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
12.4	Сервистік-дайындау орталықтары *	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *

".

көрсетілген қаулымен бекітілген қалған ауылдық елді мекендер мен кенттерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеуде қолданылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) тізбесі, сондай-ақ олардың қолжетімділігі мен көліктік, мәдени-бос уақыт өткізетін, спорттық, инженерлік, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері :

мынадай мазмұндағы "11. Агробизнес инфрақұрылымы" деген бөліммен толықтырылсын:

"

11.	Агробизнес инфрақұрылымы	
11.1	Мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
11.2	Етті қайта өңдейтін мал сою пункті*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
11.3	Мал бордақылау алаңдары*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
11.4	Шағын өнеркәсіптік аймақтар*	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *
11.5	Сервистік-дайындау орталықтары *	Елді мекеннің қажеттілігіне қарай *

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов